

## Кіріспе

Мұнай өңдеудегі жоғары октанды мотор отындарының және басқа да өкілдері алудың дамуы көмірсутектер өзгерісін жүзеге асыратын катализатордың активтілігіне, селективтілігіне және тұрақтылығына тәуелді. Мұнайхимия және мұнайөңдеу өндірісіндегі екі немесе үш жүзге жуық өнімдері катализатор қатысында жүзеге асады. Ал олардың сапасы катализатордың қасиетіне тәуелді. Табиғи монтмориллониттердің негізінде катализаторды синтездеу, тасымалдаушылар және экологиялық қауіпсіз материалдардың ашылуына үлкен жағдайлар жасайды. Олар табиғи компоненттерден жасалған бағаналы саздан жасалады.

Мұнайхимия және мұнайөңдеу саласында n-алкандардың изомеризациясы маңызды рол атқарады. Мұнай өңдеу өндірісіндегі жеңіл бензин фракциясында жоғары октанды компоненттердің изомеризациясы принципіалды рол атқарады. Бейорганикалық олигомерлі гидросомерлі натрий ион қатарына жататын металдарды саздың ішіне модифирцирлеп енгізу арқылы алынады.

Термиялық өңдеу нәтижесінде алюмосиликатты қабатты деалюминтрлеу процесі нәтижесінде құрылысы жоғары қышқылды және каталитикалық активті қабатталған бағаналы монтмориллониттер қалыптасады.